

Келісіді:

КМҚК «Көкпекті Толағайы бөбекжай-
балабақшасының» әліскері

Назарханова Г.А. 
« 16 » 08 2023 жыл

Бекіткен:

КМҚК «Көкпекті Толағайы» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі

Тоқбаева Ж.Б. 
« 16 » 08 2023 жыл



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары
«Еркетай» ортаңғы тобы**

Тәрбиешілер: Күсаинова А.Т
Кокенова Р.Д

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«ҚМКҚ Көкпекті-Талағайы бөбекжай балабақшасы»

Ортаңғы топ «Еркетай»
Балалардың жасы – 3 жастан бастап
Қыркүйек 2022 жыл

АВ	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеті
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жетекшінің жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, Дауысты (а, э, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту; баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту, Дауысты (а, э, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту; баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Математика негіздері	«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау; тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту;
	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.

	Сурет	Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өзбетінше жергізуге мүмкіндік беру.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексальдан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексал кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ортаңғы топ «Еркетай»
Балалардың жасы – 3 жастан бастап
Қазан 2022 жыл

Қазан	Дене шынықтыру	Жетекші жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттеріні білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру
	Математика негіздері	заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жананы тануда қуана білуге, өзіне сенімділікке баулу; қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; түрлі балалар әрекеті барысында ұстау және көру арқылы қоршаған орта заттары мен құбылыстарын зерттеу арқылы олардың санын, пішінін, шамасын, кеңістікте орналасуын, мерзімін ажырату;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Ересектердің еңбегі. Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Қазақстан - менің Отаным. Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану
	Сурет	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу, көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, (шарлар, бұлт, күн);
	Мүсіндеу	алақандарының арасында, жазықтықты түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру
	Жансыру	бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алу дағдысын қалыптастыру
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ортаңғы топ «Еркетай»
 Балалардың жасы – 3 жасқа бастап
 Қараша 2022 жыл /

Қараша	Дене шынықтыру	Жетекші жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту;
	Көркем әдебиет	типаждарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуда үйрету
	Математика негіздері	биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету, командада жұмыс істей білуге дағдыландыру;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту
	Құрастыру	ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру
	Сурет	бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.
	Жапсыру	желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ортаңғы топ «Еркетай»
Балалардың жасы – 3 жастан бастап
Желтоқсан 2022 жыл /

Желтоқсан	Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту	Жетекші жоспары бойынша жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра алу дағдыларын дамыту(ойыншықтар, киімдер, аяқкиімдер, ыдыстар, жиһаздар).
	Көркем әдебиет	кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетуге;қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуды;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу
	Құрастыру	көп түсті құрылым құрастыру
	Сурет	Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру. түстерді тану мен ажырату: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ;
	Мүсіндеу	табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту
	Жапсыру	ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуге үйрету
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ортаңғы топ «Еркетай»
Балалардың жасы – 3 жастан бастап
Қаңтар 2023жыл

Қаңтар	Дене шынықтыру	Жетекші жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға; сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға үйрету
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерге жанашырлық танытуға; шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға үйрету
	Математика негіздері	геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын қалыптастыру тең және тең емес заттар тобын салыстыруды; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыруға үйрету;
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Құрастыру	үлгі бойынша құрастыру
	Сурет	Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану; 2) қарындаш, қылқалам, бояу, гуашьты пайдалану; 3) негізгі түстер мен олардың реңктерін пайдалану; 4) таяқпен құмға, бормен асфальтқа сурет салу; 5) ойлау бойынша дербес сурет салу.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру
	Жапсыру	желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу дағдысын қалыптастыру
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ақпан	Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту	Жетекші жоспары бойынша суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қаралайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беру қабілеттерін дамыту
	Математика негіздері	Кеңістікте бағдарлау. Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыруды; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттеуге үйрету
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	қағазды бүктеу, жарту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру
	Сурет	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағытып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Өшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту.
	Жапсыру	жаймадағы дайын пішіндерге жағу желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану дағдыларын қалыптастыру
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

	Дене шынықтыру Сөйлеуді дамыту	Жетекші жоспары бойынша Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуда үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуда, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуда мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауға қарама-қарсы тәулік бөліктеріне бөлуге дағдыландыру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктер беру; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйі туралы түсіндіру; жақсы және жаман әрекеттер (қылықтар) туралы айту;
	Құрастыру	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
	Сурет	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу, балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сабалшықпен, ермексазбен, қағазбен және т. б.) таңдауға мүмкіндік беру; қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;

	Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.
	Жапсыру	оюмды әсемдігін, оның орналасуын байқауды, олардың элементтерін бөліп көрсетуге, қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын білуге үйрету
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ортаңғы топ «Еркетай»
 Балалардың жасы – 3 жастан бастап
 Сәуір 2023 жыл /

Сәуір	Дене шынықтыру	Жетекші жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған жерлерімен бөлісуге үйрету. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды ақырын, жылдам сөйлеуді; сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтуды; естіген дыбыстарды дұрыс айтуда; сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдануды үйрету;
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға; еркін ойындарда табыс кейіпкерлердің ролін сомдауға баулу;
	Математика негіздері	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өңгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау
	Құрастыру	әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады;
	Сурет	Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады, өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу;
	Мүсіндеу	Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, әр түрлі тәсілдерін пайдаланады. Жұмысты ұқыпты жасауға тырысады мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерту

	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету;желімді қылқаламға,мүкнәт жағып алу,жайындағы дайын үлгіге жағу,желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
	Музыка	Жетекші жоспары бойынша

Ортаңғы топ Еркетай»
 Балалардың жасы – 3 жастан бастап
 Мамыр 2023 жыл /

Мамыр	Дене шынықтыру	Жетекші жоспары бойынша
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу;
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуда мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауда, бірлескен ойындарға қатысуда ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Математика негіздері	Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
	Қоршаған әлеммен таныстыру	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.
	Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.
	Сурет	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуда баулу. Құмға тақшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуда мүмкіндік беру.